

Сапа менеджменті жүйесі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017 1 – 11 беттен 1 нұсқа		

Бекітемін  
«С.Сейфуллин атындағы  
ҚАТУ» АҚ Басқарма төрағасы  
А.Қ.Күрішбаев  
09.10.2017  
(күні, айы, жылы)

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАТУ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕСІ  
СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017

*Нұрғабай* дана  
\_\_\_\_\_ көшірме

АСТАНА 2017

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

Сапа менеджменті жүйесі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017 1 – 11 беттен 1 нұсқа		

Бекітемін

«С.Сейфуллин атындағы  
ҚАТУ» АҚ Басқарма төрағасы  
\_\_\_\_\_ А.Қ.Күрішбаев

\_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы)

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

---

**«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАТУ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ**

---

**ЕРЕЖЕСІ**  
**СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017**

\_\_\_\_\_ дана  
\_\_\_\_\_ көшірме

**АСТАНА 2017**

Сапа менеджменті жүйесі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017 2 – 11 беттен 1 нұсқа		

## Алғы сөз

**1 ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН** жетекші заңгер мен сапа қызметі  
жұмыс тобының атауы (ЖТ)

**2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНДІ** Басқарма төрағасының  
(құжатты бекітетін лауазымдық тұлға )  
жылғы № бұйрығымен

**3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР :**

- Басқарма төрағасының тәрбие жұмыс  
бойынша орынбасары – Ж.А. Құсайынова  
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні
- жетекші заңгер – А.С. Керімше  
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні
- сапа қызметі бастығының м.а - С.С. Алдабергенова  
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні
- сапа қызметінің маманы – Тлеумбетова Д.Б.  
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРІС МЕРЗІМІ**  
**ТЕКСЕРІС ЖИІЛІГІ**

2022ж.  
5 жыл

Осы ережені С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Басқарма төрағасының рұқсатынсыз, түгел және жартылай басып шығаруға, көбейтіп таратуға тыйым салынған.

Сапа менеджменті жүйесі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017 3 – 11 беттен 1 нұсқа		

## Мазмұны

1 Қолданылу аймағы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Анықтамалар	4
4 Белгілер мен қысқартулар	5
5 Жауапкершілік пен өкілеттіктер	5
6 Жалпы ережелер	5
7 Сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі принциптері	6
8 Жемқорлық әрекеттердің алдын алу	6
9 Өзгерістер енгізу тәртібі	7
10 Келісу, сақтау және тарату	7
А қосымшасы Келісу парағы	8
Б қосымшасы Танысу парағы	9
В қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	10
Г қосымшасы Кезеңді тексерісті есепке алу парағы	11

Сапа менеджменті жүйесі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017 4 – 11 беттен 1 нұсқа		

## 1 Қолданылу аймағы

1.1 Осы Ереже - жұмыскерлер және білім беру қызметін пайдаланушылардың құқығы мен еркіндігін қорғауға, сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқықбұзушылықтың алдын алу, анықтау, тоқтату және ашу жолымен, олардың салдарын жою және айыптыны жауапкершілікке тарту арқылы профессорлық-оқытушылық құрам (бұдан әрі-ПОҚ), лауазымды және басқа тұлғалардың (бұдан әрі-ЛБТ), сонымен қатар университетте оқитындардың нәтижелі қызметін қамтамасыз етуге;

- университетті басқаруда демократиялық бастауды, жариялылықты және бақылауды өрістетуге, студенттердің университет, факультеттер басшыларына, бөлімше басшылары және университеттің профессорлық-оқытушылық құрамына, лауазымды және басқа тұлғаларға сенімдерін ұлғайтуға бағытталған.

Ереже қызметкерлердің өз еңбек міндеттерін заңды, саналы түрде орындауын ұлғайтуға, сатылмау үшін жағдай жасауға мүмкіндік туғызады.

1.2 Ереже С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің (одан әрі С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ) сапа менеджменті жүйесі құжаттамасы кешеніне кіреді.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы ереженің сілтемелеріне мына нормативтік құжаттар пайдаланылды:

Ереже ҚР Білім және ғылым министрлігінің 14.12.2007 күнгі № 635 бұйрығына сәйкес әзірленген.

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 1944 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген.

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі өзгертілді және толықтырылды 01.07.2017.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 Заңы.

«Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-І Заңы.

«Сыбайлас жемқорлық қылмыс фактісін мәлімдеген немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесуге көмектесетін адамдарды

Сапа менеджменті жүйесі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017 5 – 11 беттен 1 нұсқа		

көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысы.

ХС ИСО 9000:2005 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.

ХС ИСО 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

ҰС СМЖ 1.1.01-2015 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Сапа менеджменті жүйесінде қолданылатын құжаттарды құруға, баяндауға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СМЖ 01-2015 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Құжаттарды басқару.

ҚР СМЖ 02 - 2015 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Сапа жөніндегі жазбаларды басқару.

### **3 Анықтамалар**

3.1 Осы ережеде ХС ИСО 9000:2005 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

### **4 Белгілер мен қысқартулар**

Осы ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

- «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ – «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ;
- СЖҚІТЕ – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ереже;
- ҚР – Қазақстан Республикасы;
- ПОҚ – профессорлық - оқытушылық құрам;
- СБӨ - сапа басқармасының өкілі;
- СҚ – сапа қызметінің;
- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
- ПМҚАД – персонал менеджменті және құжат айналымы департаменті;

### **5 Жауапкершілік пен өкілеттіктер**

5.1 АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ережені С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқарма төрағасы бекітеді.

5.2 Ережені дамытуға жауапты, атап айтқанда, оның мазмұны, құрылымын Басқарма төрағасының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары және жетекші заңгер жауапты болады.

5.3 Әзірлеуші бөлімше жобаны сапа қызметіне (одан әрі СҚ) тіркеу үшін береді, түпнұсқасын ресімдейді және келісу қолдарын қойғызады.

Сапа менеджменті жүйесі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017 6 – 11 беттен 1 нұсқа		

5.4 СЖҚІТЕ бекітілуімен бірге оның күшіне енгізілуі туралы бұйрық дайындалады.

5.5 Бекітілген СЖҚІТЕ сәйкес бөлімше қызметкерлерінің назарына жеткізуге бөлімше басшысы жауапты. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» ресімделуі керек (Б қосымшасы).

## 6 Жалпы ережелер

6.1 Осы Ереже бойынша жемқорлық деп отырғанымыз заңда қарастырылмаған, өзінің лауазымдық өкілеттігін қолданумен және олармен байланысты мүмкіндіктер немесе олардың мүліктік пайда алу үшін өз өкілеттігін басқаша қолданумен жеке өзі немесе делдал арқылы алынған мүліктік игілік және артықшылық.

6.2 Осы Ережеде, Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ереже» Заңында, сонымен қатар басқа заңдармен қарастырылған жемқорлықпен қабысқан немесе жемқорлық үшін жағдай жасайтын, белгіленген заңнамамен тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартатын әрекеттер жемқорлықпен байланысты (жемқорлық құқықбұзушылық) құқықбұзушылық болып табылады.

6.3 Университеттің барлық жұмыскерлері мен білім алушылары заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етуді, заң бұзушылық себептері мен жағдайын анықтауды және жоюды, жұмыскерлер мен білім алушылардың бұзылған құқығын қалпына келтіруді, нормативті құқықтық актілерді анық және біркелкі қолдануды және міндетті нормативтік акт талаптарын Қазақстан Республикасының заңды актілеріне сәйкес орындауды жүзеге асыруы қажет.

## 7 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері

7.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл келесі негізде жүзеге асырылады:

- барлығының заң және сот алдында теңдестігі;
- қоғам қызметіне анық құқықтық тәртіп белгілеуді қамтамасыз ету, мұндай қызметтің заңдылығы және жариялылығы;
- университет құрылымын, кадр жұмысын және жұмыскерлер мен білім алушылардың құқығын және заңды қызығушылығын қозғайтын мәселелерді шешу рәсімін жетілдіру;
- жұмыскерлер мен білім алушылардың құқығын және заңды қызығушылығын қорғау басымдығы;
- жұмыскерлер мен білім алушылардың бұзылған құқығын және заңды

Сапа менеджменті жүйесі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы ереже		ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017 7 – 11 беттен 1 нұсқа		

қызығушылығын қалпына келтіру, жемқорлық құқықбұзушылықтың зиянды зардаптарын жою және алдын алу;

- жемқорлық құқықбұзушылықпен күреске жәрдем беретін тұлғалардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- жемқорлықпен байланысты қылмысты анықтау, ашу, бұлтартпау және алдын алу мақсатында ақпараттық қызметті жүзеге асыру;

- жемқорлық құқықбұзушылықтың респонденттерін анықтау мақсатында білім алушылар және университет жұмыскерлерімен сауалнама жүргізу.

## 8 Жемқорлық әрекеттердің алдын алу

8.1 Білім алушылар және университет жұмыскерлері жемқорлық құқықбұзушылықты болдырмауға және шамаланған жемқорлық әрекеттер туралы Басқарма төрағасына немесе құзырлы органдарға тез хабарлауға міндетті.

8.2 Жемқорлыққа қарсы күрес бойынша мәселелер Басқарма отырысында және факультеттердің оқу кеңестерінде оқу жылы ішінде екі реттен қарастырылады.

8.3 Емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін, тәрбие жұмысы жөніндегі департамент және студенттік актив сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау мақсатында білім алушылар арасында сауалнама жүргізеді. Сауалнаманың нәтижелері мен талдауын Университеттің арнайы құрылған комиссия қарастырады.

Комиссия құрамына: Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма төрағасының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің өкілі, университеттің заңгері, студенттік кәсіподақ және жастар ісі жөніндегі комитеттің өкілдері кіреді.

8.4 Білім алушылар сауалнамасының нәтижелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссисының төрағасына және мүшелеріне тапсырады. Комиссия ПОҚ сауалнаманың нәтижелерімен таныстыруды қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия құрамына: комиссия төрағасының орынбасары, төраға орынбасары, әкімшіліктің өкілдері және ПОҚ кіреді.

## 9 Өзгерістер енгізу тәртібі

СЖҚІТЕ әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер енгізу ҚР СМЖ 01-2015 сәйкес жасалу және «Өзгерістерді тіркеу парағында» (В қосымшасы) тіркелу керек.



<p>Сапа менеджменті жүйесі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы ереже</p>		<p>ҚР АШМ С. СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p>
<p>СМЖ СЖҚІТЕ 08.8000 – 2017 8 – 11 беттен 1 нұсқа</p>		

## 10 Келісу, сақтау және тарату

10.1 Құжат жобасы сапа басшылығының өкілімен (одан әрі СБӨ), Басқарма төрағасының тәрбие жұмыс бойынша орынбасарымен (одан әрі – басқарма төрағасының ТЖ бойынша орынбасары), академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директорымен, персонал менеджменті және құжат айналымы департаментінің директорымен (одан әрі ПМҚАД), жетекші заңгермен, СҚ бастығымен келісіледі және «Келісу парағында» ресімделеді (А қосымшасы).

10.2 Ереже «ARTA SYNERGY» электрондық құжат айналымы жүйесінде электронды форматта тіркеледі және университет бөлімшелеріне жіберіледі.

10.3 Бекітілген ережені сақтау, көшіру және бөлімшелерге көшірмелерді тарату жауапкершілігі СҚ жүктеледі.







